

NEWS

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES

ISSN 2224-5294

Volume 6, Number 310 (2016), 79 – 82

A. Begim¹, Zh. Esenkulova²

¹master student of the 1st course specialty Standardization and Certification
at the «Narxoz» University, akzhan.begim@gmail.com;

²Candidate of Agricultural Sciences, Associate Professor of «Narxoz» University, zhauhar.esenkulova@narxoz.kz

EXPLANATION RAPEX SYSTEM AND THE WAYS OF LEGAL REGULATION OF ITS USE IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Annatation. This article provides an explanation of system RAPEX and TRAPEX, which include the list of dangerous products for consumption. Substantiates their place on international standards and norms, as well as discusses the ways in the introduction of use and organizational mechanisms in the Republic of Kazakhstan. All this is caused by factor of entering the Republic of Kazakhstan to the any international economic organizations and unions. The lack of literature on the issue requires a fundamental study by theme and writing the necessary literature and methodical manuals.

Keywords: RAPEX system TRAPEX system, the European Commission, the strategic report, legal agreements, international standards, dangerous products, product safety

A. Берім¹, Ж. Есенқұлова²

¹«Narxoz» Университеті Стандарттау және сертификаттау мамандығының 1 курс магистранты;

²ауыл шаруашылық ғылымдарының кандидаты, «Narxoz» Университетінің доценті

RAPEX ЖҮЙЕСІНЕ ТҮСІНІКТЕМЕ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ҚОЛДАНЫСЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕЛУ ЖОЛДАРЫ

Түйіндеме. Берілген мақалада тұтынуға қауіпті саналатын тауарлардың тізімін қамтыған TRAPEX және RAPEX жүйелеріне түсініктеме беріледі. Олардың халықаралық стандарттар мен нормалар шеңберіндегі орны сипатталып, қазіргі таңда жүйені Қазақстан Республикасының қолданысына енгізу жолдары мен ұйымдастыру тетіктері қарастырылады. Бұл Қазақстан Республикасының бірқатар халықаралық экономикалық ұйымдар мен одақтарға мүше болуы қажеттілігінен туындаған. Мәселе бойынша әдебиеттің тапшылығы тақырыптың іргелі зерттелуі мен керекті әде-биет пен әдістемелік құралдардың жазылуын қажет етеді.

Тірек сөздер: RAPEX жүйесі, TRAPEX жүйесі, Еуропалық комиссия, стратегиялық баяндама, құқықтық-заңдық келісімдер, халықаралық стандарттар, қауіпті өнімдер, өнім қауіпсіздігі

Тұтынушыларды қажеттілігі мен ыңғайына орай баға тұрғысынан икемді де сапалы тауарлармен қамту әлеуметтік экономиканың міндетті бір шарты болып табылады. Осы мәселені шешу үшін кез-келген мемлекет тұтынушылар құқығын қорғау, өндірілетін тауардың белгілі мөлшерде сап-алылығы, халықаралық сапа стандарттарына сайлығы, мемлекет үшін экономикалық жағынан тиімді әлеуметтік-экономикалық ұйымдарға кіру сияқты заңдық тетіктерді қажет етеді.

Өз алдына тәуелсіз мемлекет бола отырып Қазақстан Республикасы осы жиырма бес жыл бойы түрлі экономикалық және жалпы сипаттағы ұйымдарға мүше болып, халықаралық ұйымдардан келіп туындайтын шарттармен келісіп, қатысушысы болмаған ұйымдарға мүдделік танытып өзара ынтымақтастықты нығайтып келеді. Олардың ішінде: Біріккен ұлттар ұйымы (БҰҰ), Тәуелсіз

мемлекеттер достастығы (ТМД), Еуропадағы Қауіпсіздік және Ынтымақтастық Ұйымы (ЕҚЫҰ), Ислам Ынтымақтастық Ұйымы (ИЫҰ), Шанхай ынтымақтастық ұйымы (ШЫҰ), Ислам даму банкі (ИДБ), Экономикалық ынтымақтастық ұйымы (ЭЫҰ), Еуразия экономикалық қауымдастығы (ЕурАзЭК), Біртұтас экономикалық кеңістік (БЭК), Бүкілдүниежүзілік сауда ұйымы (БСҰ), Халықаралық валюта қоры (ХВҚ), Халықаралық қайта құру және даму банкі (ХҚДБ), Азия даму банкі (АДБ), Еуропа қайта құру және даму банкі (ЕҚҚДБ), Еуразиялық экономикалық одақ (ЕурАзЭО) [1] және т.б. халықаралық әрі аймақтық ұйымдар.

Қазіргі күні Қазақстан өндірушілері тауарлары мен қызметтерін түпкілікті тұтынушыларына өндіріп, жеткізбестен бұрын бірқатар халықаралық стандарттар мен нормалардың көмегіне жүгінеді. Солардың ішінде ИСО 9001, ИСО 14001 сериялы [2, 23-б.], SA 8001 [3], ХАССП стандарттары [4], Кодекс Алиментариус [5] және т.б.

Қазақстан Республикасы және Кедендік одақ аумағында қабылданып басшылыққа алынбаған осындай бір стандарт пен регламенттердің ішінде Еуропалық одақ елдерінің бұрыннан бері қолданысындағы RAPEX жүйесін қарастырайық. Еуропалық одақтағы адам өмірі мен денсаулығына қауіп келтіретін сапасыз өнімдер туралы ақпарат RAPEX жүйесі арқылы жүзеге асырылады.

RAPEX – бұл өзіндік жүйелер арқылы қадағаланатын азық-түлік өнімдерінен, дәрі-дәрмектерден, химиялық заттардан бөлек тұтынушыларды тауарлардың ықтималды қауіптілігі туралы тез ескертудің жүйесі. RAPEX жүйесі құзырлы органдарды қауіпті өнімдер туралы шұғыл ақпаратпен қамтамасыз етеді. Жасанды және қауіпті тауарлар туралы ақпараттар RAPEX жүйесінің архиві орналастырылған Еуропалық одақтың арнайы құрылған интернет-торабына келіп түседі. Әрбір жұма сайын Еуропалық комиссия қауіпті өнімдер туралы ескертулердің апталық шолуын жариялап отырады.

Осындай жүйе мүше-елдер мен Комиссия арасында тұтынушылардың денсаулығы мен қауіпсіздігіне аса қауіпті өнімдердің сауда жүйесінде өткізілуін ескерту немесе қолданылуын шектеу мақсатында қабылданған ақпараттармен тез алмасу мүмкіндігін береді.

RAPEX жүйесінің іске асырылуы келетін болсақ, егер де өнім қауіпті болып табылса құзырлы ұлттық орган қауіпті алдын-алу бойынша сәйкес әрекеттерді іске асырады:

- ❖ Мұндай орган өнімді сауда жүйесінен алып тастау, тұтынушылардан қайтарып алу немесе ескертуді жариялау мүмкіндіктеріне ие;

- ❖ Ұлттық орган сондай өнім мен оның тәуекелдері мен адамдарға қатысты қауіпін алдын-алу бойынша қолданған шаралары туралы Еуропалық комиссияға хабарлайды;

- ❖ Еуропалық комиссия қауіпті өнімдер туралы апта сайынғы ескертулерін жариялай отырып ақпарат таратады;

- ❖ Еуропалық одақ елдеріндегі ұлттық органдар өз нарықтарындағы қауіпті өнімдердің бар-жоқтығын тексере отырып, тұтынушылардың қауіпсіздігі бойынша сәйкес әрекеттерді іске асырады (нарықтан алып тастайды, тұтынушылардан қайтарып алады және т.б.).

Өнім нарығының бақылауына қатысы бар Еуропалық одақ құрылымдары азаматтардың өтініштеріне айтарлықтай шұғыл түрде мүдделік танытады. Қауіпсіздік критерийлеріне сәйкес келмейтін өнімдер тексерісінің басым көпшілігі дәл сол сатып алушылардың шағымдары бойынша жүргізіледі. Жеке қолданысқа сатып алынатын өнімнің сапалылығы мен қауіпсіздігіне қатысты еуропалық тұтынушы аса талапшылдықпен қарайды [6].

Соңғы төрт жылда RAPEX жүйесі арқылы жалпы ескертпелер саны келесідей болып табылады:

Кесте 1 – RAPEX жүйесі арқылы ескертулер саны

2001	2002	2003	2004
76	84	139	388
Қайнар көзі: Еуропалық Комиссияның апталық баяндамасы			

Тәуекелдің үш санаты жалпы ескертпелердің 50% астамын қамтиды: қақалып қалу мен тұншығып қалу қауіпі, электр күйзелісіне ұшырау қауіпі мен өртену қауіпі.

2004 жылы тұтынушылық өнімдер туралы ескертпелердің басым көпшілігі ең алдымен, электр жабдықтарына (27%) және ойыншықтарға (26%) қатысты болды. Сол 2004 жылы алынған 388 ескертпелердің ішінде 44-і Еуропалық Одаққа мүше солтүстік елден алынған.

Қауіпті өнімдер туралы ақпарат алмасудың кеңес берілетін жүйесі болып табылатын TRAPEX жүйесі (қауіпті тауарлар туралы жедел ақпарат алмасудың ауыспалы жүйесі) туралы ескере кеткен жөн.

TRAPEX жүйесі қазіргі уақытта Еуропалық Одақ мүшелері болып есептелетін Румыния мен Болгариядан басқа, жаңадан қосылған Шығыс Еуропа елдері үшін дайындалған болатын. Сәйкесінше, берілген жүйе жақын арада өз өмірін тоқтатады. Басты мақсат – Румыния мен Болгарияны RAPEX жүйесіне қосу болып есептеледі.

Өнімдер қауіпсіздігінің келісіміне сәйкес RAPEX жүйесінде ескертпелері бар қауіпсіз өнімді дамушы елдерге экспорттауға тыйым салынады. Еуропалық Одаққа кірмейтін еуропалық елдер болса ерекше қырағылық танытып, осындай өнімдердің өз шекаралары арқылы өтуіне мүмкіндік бермеуі керек [7, 57-58-б.].

Қазіргі таңда RAPEX жүйесімен қарым-қатынастағы ұлттық органдар Австрия, Бельгия, Болгария, Гректік Кипр, Чехия, Дания, Эстония, Финляндия, Франция, Германия, Грекия, Венгрия, Ирландия, Италия, Латвия, Литва, Люксембург, Мальта, Нидерланды, Польша, Португалия, Румыния, Словакия, Словения, Испания, Швеция, Ұлыбритания, Исландия, Лихтинштейн, Норвегия елдерінде, сонымен қатар Еуропалық еркін сауда қауымдастығының (ЕЕСК) мүшелдері көлемінде қызметін атқаруда.

Барлығын қосқанда RAPEX жүйесі осы уақытта 31 елдің ұлттық орталығы мен Еуропалық комиссияның жұмысын қамтиды [8].

2012 жылы Еуропалық комиссия жақын арадағы жылдарға тұтынушылық саясаттың стратегиялық баяндамасын жариялаған болатын. Соған сәйкес екі жыл бұрын қабылданған 62 шараның 52 аяқталып, қалған 10 іске асырылу барысында. Баяндамада көрініс тапқан шаралар өз алдына стратегиялық тетіктер бола отырып, келесідей мақсаттарды қамтыды: тұтынушылардың қауіпсіздігіне жәрдемдесу, тұтынушылар құқығы саласында білімді арттыру, тұтынушылық ережелердің сақталуын күшейту, маңызды салалық саясаттардағы тұтынушылардың мүдделерін шоғырландыру, құқықтар мен мүмкіндіктер алаңын кеңейту [9].

RAPEX жүйесі арқылы Еуропалық одақ пен Қазақстан Республикасының тұтынушыларын байланыстыру шын мәнісінде айтарлықтай ешқандай келдергілерге тап болмайды, себебі бұл мәселе құқықтық-заңдық келісімдер шеңберінде ғана шешілуі ықтимал.

Солтүстік елдер Министрлері Кеңесінің пайымдауынша, өнімдер қауіпсіздігінің келісіміне (12.4-бап) сәйкес RAPEX жүйесіне қолжетімділік «өтініш білдіруші барлық елдер үшін, дамушы елдер мен халықаралық ұйымдар үшін» Еуропалық одақ әрі мүдделі тараптар арасындағы келісімдер негізінде ашылады. Кез-келген келісім Еуропалық одақ/Еуропалық экономикалық саясаттың қолданысындағы талаптарға сәйкес келетін өзара ықпалдастық пен конфиденциалдық ұстанымдарына негізделуі қажет. Қазіргі таңда ӨҚК-нің 12.4-бабы негізінде RAPEX жүйесіне Болгария мен Румыния қосылып, бірқатар елдер қосылуда мүдде танытуда [7, 57-б.].

Яғни, жоғарыда келтірілген дәйектегі шарт талаптарына сәйкес келісім-шарттар жасалса қазақстандық тұтынушылардың RAPEX жүйесіне қолжетімділігінің ашылуын уақыт қана шешеді, оған қоса мәселе басқа да тетіктерді қолдана отырып реттелуі мүмкін. Бұл түрлі салалардағы мамандардың пікірі жинақталған іргелі де ауқымды зерттеу жұмысының қажеттілігін туындатады.

ӘДЕБИЕТ

[1] <http://kisi.kz/ru/categories/ekonomika-i-energetika/posts/kazahstan-v-sisteme-mezhdunarodnyh-ekonomicheskikh-otnos> – Казахстанский институт стратегических исследований. М. Искалиев. Казахстан в системе международных экономических отношений (20.10.2016 г.)

[2] Акишев К., Дәрібаева Г. Стандарттау, метрология және сәйкестікті бағалау. Оқулық. – Астана: Фолиант, 2008. – 256 бет. – ISBN 9965-35-325-5.

[3] <http://www.iso.org/iso/ru/home/standards.htm> – Стандарты ИСО (20.10.2016 г.)

[4] <http://codexalimentarius.kz/index.php/kz/2014-10-22-19-44-45> – Кодекс Алиментариус Ведомствоаралық үйлестіруші кеңесі (20.10.2016 ж.)

[5] http://www.tqcsi.kz/ru/news/551-mezhdunarodnyj_standart_haccp_v_kazahstane/ – Международный стандарт HACCP в Казахстане (20.10.2016 г.)

[6] <http://www.icqc.eu/ru/rapex.php> – International center for quality certification. – Система быстрого обмена информацией о небезопасной продукции RAPEX (20.10.2016 г.)

[7] Руководство по надзору за рынком и по безопасности потребительских товаров. Наилучшая практика Северных стран. Составитель: Совет Министров Северных стран и Комитет старших должностных лиц по потребительской политике. – Копенгаген: Совет Министров Северных стран, 2005. – 92 с. – ISBN 92-893-1305-6 (Google Books торабындағы электронды нұсқасы - [https://books.google.nl/books?id=GUQ_8Svv24C&printsec=front cover&hl=ru#v=onepage&q&f=false](https://books.google.nl/books?id=GUQ_8Svv24C&printsec=front_cover&hl=ru#v=onepage&q&f=false)).

[8] http://ec.europa.eu/consumers/consumers_safety/safety_products/rapex/alerts/main/?event=main.listNotifications – Rapid Alert System - European Commission - Weekly Notification reports (20.10.2016)

[9] http://ec.europa.eu/consumers/eu_consumer_policy/our-strategy/index_en.htm – Policy Strategy - European Commission - Policy Strategy (20.10.2016)

А. Бегим¹, Ж. Есенкулова²

¹магистрант 1-го курса по специальности Стандартизация и сертификация Университета «Narxoz»

²кандидат сельскохозяйственных наук, доцент Университета «Narxoz»

ПОЯСНЕНИЕ СИСТЕМЕ RAPEX И ПУТИ НОРМАТИВНО-ПРАВОВОГО УРЕГУЛИРОВАНИЯ ЕЕ ПОЛЬЗОВАНИЯ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

Аннотация. В данной статье дается пояснение системам RAPEX и TRAPEX, которые включают в себя список опасной к потреблению продукции. Обосновывается их место в рамках международных стандартов и норм, а также рассматриваются пути внедрения в пользование и организационные механизмы системы в Республике Казахстан. Все это обусловлено фактором вхождения Республики Казахстан в ряд международных экономических организаций и союзов. Недостаток литературы по проблеме требует фундаментального изучения темы, написания необходимой литературы и методических пособий.

Ключевые слова: система RAPEX, система TRAPEX, Европейская комиссия, стратегический отчет, нормативно-правовые соглашения, международные стандарты, опасная продукция, безопасность продукции.